

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 935 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот актілерін орындау үшін 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттары шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 1772024,85 теңге (бір миллион жеті жүз жетпіс екі мың жиырма төрт теңге сексен бес тиын) бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 қазандағы
N 935 қаулысына

ҚОСЫМША

Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

N p/c	Сот органының атауы мен шешімінің шығарылған күні	Талапкер	Мемлекеттік баж шегерілген сома (теңге)	Мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Қостанай облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2003 жылғы 26.09. шешімі, Қостанай облысы соты қадағалау алқасының 2004 жылғы 08.04. қаулысы, Қостанай облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2005 жылғы 03.02. ұйғарымы, Қостанай облысы соты қадағалау алқасының 2005 жылғы 23.06. қаулысы	"Отан" РҚБ	144012	
2		"ТМЖБ" ЖАҚ		

Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2001 жылғы 17.10. шешімі, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2005 жылғы 04.03. ұйғарымы	1628012,85	
Жалпы сомасы:	1772024,85	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК